


gorenje

Life Simplified

INSTRUCTION
MANUAL



AirFryer
AF 1409DB

Cvrtnik na vroči zrak	Friteza na vroći zrak	Friteza na vruć vazduh	Фритеза на топол воздух	Air fryer	Friteužã cu aer cald
Olajsütõ	Фриторник	Аерофриторница	Терловздушнã фритëза	Норковздушнã фритëза	Frytkownica bez-tuszczowa
Аерофриторница	Heißluftfritteuse	Friteuse air chaud	Аэрокуырғыш		



SI - 3 -	HR / BIH - 6 -	SRB / BIH / MNE - 9 -	MK - 12 -	GB - 15 -	RO - 18 -	HU - 21 -	BG - 24 -	UA - 27 -	SK - 30 -
CZ - 33 -	PL - 36 -	RU - 39 -	DE - 42 -	FR - 45 -					

1. Аспап
2. Таба
3. Себет

Қауіпсіздік жөніндегі маңызды еск ертулер

Аспапты қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз.

Осы нұсқаулықты, кепілдік талонын, өнімнің сатып алынғаны туралы түбіртегін және қаптаманы болашақта анықтама үшін сақтап қойыңыз. // Электрлік компоненттері бар корпусты және қыздырғыш элементтерді суға және басқа да сұйықтыққа батырмаңыз, ағын судың астында жумаңыз. // Электр тоғынан зақым алмау үшін аспаптың ішіне судың және басқа да сұйықтықтардың енбеуін қадағалаңыз. // Қыздыру элементтеріне тиіп кетпеу үшін әрқашан қуырылған тағамды себетке салыңыз. // Аспап жұмыс істеп тұрған кезде ауа шығатын және соратын саңылауларды жабуға тыйым салынады. // Өртке жол бермеу үшін пісіретін табаға май құюға тыйым салынады. // Аспап жұмыс істеп тұрған кезде сыртқы беттерге қол тигізбеңіз. // Аспапты электр желісіне жалғар алдында оның көрсетілген электрлік параметрлерінің жергілікті электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. // Егер желілік шнур немесе аспаптың басқа да бөлшектері бүлінген болса, аспапты қолданбаңыз. // Желілік шнурды ауыстыруды тек сервис орталығының маманы ғана орындай алады. // Аспапты сегіз жастан асқан балаларға және физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі. Балалардың аспапты пайдалануын қадағалаңыз және балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз. Сегіз жасқа толмаған балалар аспапты үлкендердің қадағалауымен ғана тазалай және қызмет көрсете алады! // Желілік шнурдың ыстық беттерге тимеуін қадағалаңыз. // Желілік шнур ашасын розеткаға қоспаңыз немесе басқару панелін дымқыл қолмен ұстамаңыз. // Аспапты тек жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғаңыз. Желілік аша электр желісінің розеткасына салынғанына көз жеткізіңіз. // Аспапты сыртқы таймерге немесе қашықтықтан басқару жүйесіне жалғамаңыз. // Аспапты Тез жанатын материалдардың (дастархан немесе жапқыш) үстіне немесе жанына қоймаңыз. Аспапты қабырғаның немесе басқа да құрылғылардың жанына қоймаңыз. Аспаптың артқы, үстіңгі және бүйірлері мен басқа беттер арасындағы қашықтық кемінде 10 сантиметр болуы керек. Аспаптың үстіне қандай да бір заттарды қоймаңыз. // Аспапты осы нұсқаулықта сипатталғандардан басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз. // Жұмыс жасап тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. //

Ыстық ауа көмегімен дайындау кезінде ауа шығатын тесіктерден бу шығады. Қолыңыз бен бетіңізді осы саңылауларға жақындатпаңыз. Сондай-ақ табаны аспаптан алу кезінде ыстық бу мен ауадан сақ болыңыз. Жұмыс кезінде аспаптың сыртқы беттері қызуы мүмкін. // Түтін пайда болған кезде тез арада аспапты өшіріңіз. Табаны құрылғыдан шығармас бұрын түтін шыққанша күтіңіз. // Аспапты қатты, тегіс бетке орнатыңыз. // Аспап стандартты жағдайларда үйде пайдалануға арналған. Аспап дүкендердегі, кеңселердегі, фермалардағы және басқа өндірістік орталардағы біріктірілген аймақтар сияқты пайдалану жағдайларында қолдануға арналмаған. Сондай-ақ, аспап қонақ үйлерде, мотельдерде, қону және таңғы ас ішу орындарында, басқа да тұратын жерлерде тұтынушылардың пайдалануына арналмаған. // Аспапты пайдалану ережелерін бұзған жағдайда, оны кәсіби немесе жартылай кәсіби жабдық ретінде пайдаланған кезде, сондай-ақ осы нұсқаулықтың ережелерін бұзған жағдайда кепілдік жарамсыз болып табылады және бұл жағдайда Gorenje компаниясы қандай да бір келтірілген залал үшін жауапты емес. // Аспапты тексеру және жөндеу үшін тек авторлық құқығы бар Gorenje сервис орталығына жүгінген жөн. // Аспапты өз бетіңізге жөндеуге тырыспаңыз, өйткені бұл ретте кепілдік міндеттемелері өз күшін жояды. // Жұмысты аяқтағаннан кейін аспапты электр желісінің розеткасынан ажыратыңыз. // Аспапты тазалауды бастамас немесе оны сақтауға алып қоймас бұрын оны шамамен 30 минут суытып алыңыз. // Аспапта дайындалатын тағамдар қара немесе қоңыр түсті емес, жылтыр сары түсті болуы тиіс. Тағамның күйіп кеткен қалдықтарын тазалап алған жөн. Балғын картопты 180°C жоғары температурада қуырмаңыз (акриламидтің пайда болуын азайту үшін).

Бұл аспап Электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын қолдану туралы 2012/19/EU еуропа деректемесіне сәйкес таңбаланған (Waste Electrical and Electronic Equipment – WEEE). Осы деректеме ЕО барлық елдерінде қолданылатын электрлік және электронды жабдықтардың қалдықтарын жинау және кәдеге жарату бойынша талаптарды анықтайды.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ақаулықтарды жою
Аспап жұмыс жасамайды	Аспап электр желісіне қосылмаған	Қорек шнурының ашасын электрлік желінің жерге тұйықталған розеткасына салыңыз.
	Таймер орнатылмаған.	Аспапты қосу үшін таймерді қажетті күйге орнатыңыз.
Тағамдар піспей қалған.	Себетке тағамның өте көп мөлшері салынған.	Тағам мөлшерін азайтыңыз.
	Өте төмен температура орнатылған.	Температура мәнін көбейтіңіз.
	Дайындау уақыты өте аз.	Дайындау уақытын көбейтіңіз
Тағамдар біркелкі піспеген.	Тағамдардың кейбір түрлерін дайындаудың жарты уақыты өткеннен кейін сілкіп жіберу керек.	Дайындау кезінде тағамдарды сілкіп жіберіңіз.

Дайындап болғаннан кейін тағамдар қытырламай қалды.	Қарапайым қуырғышта дайындауға есептелген тағам түрлері қолданылған.	Қабығының қытырлауы үшін тағамдарға аз ғана май жағып жіберіңіз.
Табаны аспапқа дұрыстап салу мүмкін емес.	Себетте тағам өте көп.	Себеттегі тағам мөлшерін азайтыңыз.
	Себет табаға дұрыс орнатылмаған.	Себетті төмен қарай сырт еткен дыбыс шыққанша тартыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Бұйым тұрмыстық қалдық ретінде жойылмауы тиіс. Оны одан ары кәдеге жарату үшін оны электронды және электрлік жабдықтардың тиісті орындарына тапсырған жөн.

Бұйымды кәдеге жарату ережелерін сақтау арқылы қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын ала аласыз.

КЕПІЛДІК ЖӘНЕ СЕРВИС

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және www.gorenje.com сайтынан таба аласыз.

АСПАП ТЕК ТҰРМЫСТА ЖЕКЕ ҚОЛДАНУҒА ҒАНА АРНАЛҒАН!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!

Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ, 119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр. 1



**GORENJE АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН
ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ ТІЛЕЙМІЗ!**

gorenje
Life Simplified